**"Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлудің 2014 – 2015 жылдарға арналған ұлттық жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1536 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 927 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлудің 2014 – 2015 жылдарға арналған ұлттық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1536 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 79, 1047-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлудің 2014 – 2015 жылдарға арналған ұлттық жоспарында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қолданыстағы қондырғылар үшін 152 790 480 бірлік мөлшеріндегі квота көлемі 1-қосымшадағы кестеге сәйкес 2015 жылға экономика салалары бойынша тегін бөлінеді.»;

көрсетілген Ұлттық жоспарға 1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Ұлттық жоспарға 2-қосымшада:

энергетика саласында жұмыс істейтін қондырғылар үшін квота көлемінің бірліктерінде:

реттік нөмірі 49-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 49 | «Жылукоммунэнерго» МКК | 609 573 | 375 517 | 600 429 | 975 946 |

»;

мына:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ЖИЫНЫ: | 92 889 901 | 92 889 901 | 91 496 552 | 184 386 453 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ЖИЫНЫ: | 93 123 957 | 92 889 901 | 91 727 097 | 184 616 998 |

».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 927 қаулысына қосымша

Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлудің 2014 – 2015 жылдарға арналған ұлттық жоспарына 1-қосымша

## Экономика салалары бойынша квота көлемінің бірліктері

| Экономика саласы | Саладағы кәсіпорын саны | 2014 жылға арналған квота көлемі ( базалық желіден 0 %), көміртегі қостотығының тоннасы | 2015 жылға арналған квота көлемі ( базалық желіден 1,5 %), көміртегі қостотығының тоннасы |
|---|---|---|---|
| Энергетика | 60 | 92 889 901 | 91 727 097 |
| Көмір, мұнай және газ өндіру | 66 | 23 430 347 | 23 078 885 |
| Өнеркәсіп | 40 | 38 562 942 | 37 984 498 |
| Барлығы | 166 | 154 883 190 | 152 790 480 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК